

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ:  
ТАРИХИ БАҒДАРЫ, ДАМУ БЕЛЕСТЕРІ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ»  
XVIII ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЕУРАЗИЯ ҒЫЛЫМИ ФОРУМЫНЫҢ  
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ  
XVIII МЕЖДУНАРОДНОГО ЕВРАЗИЙСКОГО НАУЧНОГО ФОРУМА  
«30 ЛЕТ НЕЗАВИСИМОСТИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН:  
ИСТОРИЧЕСКИЙ КУРС, ВЕХИ РАЗВИТИЯ И ПЕРСПЕКТИВЫ»**

**MATERIALS  
XVIII INTERNATIONAL EURASIAN SCIENTIFIC FORUM  
«30 YEARS OF KAZAKHSTAN'S INDEPENDENCE:  
HISTORICAL COURSE, MILESTONES OF DEVELOPMENT  
AND PROSPECTS»**

Нұр-Сұлтан, 2021

ӘОЖ 94(574)  
КБЖ63.3(5Қаз)  
Қ18

#### Бас редактор

Сыдықов Е.Б., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Басқарма төрағасы-ректор, ҚР ҰҒА академигі

#### Жауапты редактор

Садықов Т.С., т.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ тарих факультетінің деканы

#### Редакция алқасы

Мерзалинова Г.Т., Басқарма мүшесі – Ғылым, коммерциализация және интернационалдандыру жөніндегі проректор; Айтмағамбетов Д.Р., т.ғ.к., доцент, Басқарма мүшесі – Стратегиялық даму жөніндегі проректор; Сайлаубай Е.Е., т.ғ.к., доцент, ЕҰУ «Ел тарихы» ҒЗО директоры; Сейтказина К.О., т.ғ.к., доцент, деканның академиялық мәселелер жөніндегі орынбасары; Ерменбаева Г.К., т.ғ.к., доцент, деканның ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары; Көшенова Ғ.И., т.ғ.к., доцент, Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі; Үмітқалиев Ұ.Ұ., т.ғ.к., доцент, археология және этнология кафедрасының меңгерушісі; Дүкенбаева З.О., т.ғ.д., профессор; Мусабалина Г.Т., т.ғ.д., профессор; Ковальская С.И., т.ғ.д., профессор; Алпысбес М.А., т.ғ.д., профессор; Мусағалиева А.С., т.ғ.д., профессор; Сарсамбекова А.С., т.ғ.к., доцент; Сайлаубаева Н.Е., т.ғ.к., доцент; Кабылтаева С.К., PhD, доцент; Каженова Г.Т., т.ғ.к., доцент; Жанисов А.Т., т.ғ.к., доцент; Жапекова Г.К., т.ғ.к., доцент; Брынза Т.В., аға оқытушы; Абдуразаков М.Ф., аға оқытушы (тех. редактор); Бижанов А.С., аға оқытушы (тех. редактор); Оразаев С.Б., аға оқытушы (тех. редактор).

*Редакция алқасының көзқарасы мақала авторларының пікірімен сәйкес келуі міндетті емес/Мнение автора публикаций не обязательно должно совпадать с мнением редакционной Коллегии.*

**«Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 30 жыл: тарихи бағдары, даму белестері және болашағы»** XVIII Халықаралық Еуразия ғылыми форумының материалдары. II том / **«30 лет Независимости Республики Казахстан: исторический курс, вехи развития и перспективы»**: Материалы XVIII международного Евразийского научного форума. II том / Жалпы ред. басқарған Е.Б.Сыдықов. – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2021. – 557 б. – қазақша, орысша, ағылшынша.

**ISBN 978-601-337-588-5**

Бұл жинаққа Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің 25 жылдығына арналған **«Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 30 жыл: тарихи бағдары, даму белестері мен болашағы»** атты XVIII Халықаралық Еуразия ғылыми форумының материалдары енгізілді. Ғылыми форумның жұмысы Президент Қ-Ж.Тоқаевтың **«Тәуелсіздік бәрінен қымбат»** бағдарламалық мақаласының идеяларын жүзеге асыруға бағытталды.

Шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерінде Қазақстан халқының маңызды жетістіктері көрсетіліп, тарих ғылымының неғұрлым өзекті тақырыптары бойынша дамуының кейбір қорытындылары шығарылып, одан арғы зерттеулердің болашағы айқындалды. Жинақтың материалдары ғалымдарға, мамандарға, студенттерге, әртүрлі деңгейдегі ұйымдар мен билік органдарының басшыларына қызықты болуы мүмкін /

В данный сборник включены материалы XVIII Международного Евразийского научного форума **«30 лет Независимости Республики Казахстан: исторический курс, вехи развития и перспективы»**, посвященного 30-летию Независимости Республики Казахстан и 25-летию ЕНУ имени Л.Н. Гумилева. Работа научного форума была нацелена на реализацию идей программной статьи Президента К-Ж. Токаева **«Независимость превыше всего»**.

В работах зарубежных и отечественных ученых отражены важнейшие достижения народа Казахстана и подведены некоторые итоги развития исторической науки по наиболее актуальным темам, определены перспективы дальнейших исследований. Материалы сборника могут быть интересны ученым, специалистам, обучающимся, руководителям организаций и органов власти разных уровней.

ӘОЖ 94(574)  
КБЖ63.3(5Қаз)

**ISBN 978-601-337-588-5**

© Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2021

28. Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл. (Заң актілерінің жинағы). 10 лет независимости Республики Казахстан. (Сб. законодательных актов). Алматы: Жеті жарғы, 2011. 760 б.
29. Егорова Э.Н. Современные проблемы духовной культуры. Невостребованная культура // Социально-политический журнал. - 1992. - №10. - С.44-50.

## **ТӘУЕЛСІЗДІК РУХЫМЕН ҚАНАТТАНҒАН ҰЛЫ КӨШ**

**Байжұма Г.**

С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ, Қазақстан тарихы кафедрасының аға оқытушысы  
**Дүкенбаева З.О.**

т.ғ.д., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті профессоры

Биыл ел Тәуелсіздігімен қатар, қазақ көшінің тарихи Отанына табан тірегеніне де 30 жыл. Тәуелсіздік бізге ұлттық, аймақтық және жаһандық өлшемде шексіз жауапкершілік жүгін артты. Біз осынау ұлы тағдырды қабыл алып, бірегей бірлігіміз бен табысты тірлігіміз арқылы тарих сынағынан сүрінбей өтіп келеміз. Халқымыз Тәуелсіздіктің берік тұғырын бекітіп, Мәңгілік Ел болуға бет бұрды, бекем бел буды. Сол себепті, Тәуелсіздік күні – күллі қазақстандықтармен қатар тарихи Отанымен табысқан қандастар мен әлемнің әр қиырындағы отандастарымыз үшін де ең ұлы құндылық һәм ұлық мереке екеніне еш күмәніміз жоқ.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың ең алдымен жолға қойған саясаты – көші – қон мәселесі. Тіптен, астананы Арқа төсіне, шекараны әлемдік талапқа сай етіп бекітуден де бұрын осы шеттегі қазақтарды қара шаңырақ Қазақстанға шақыруды қолға алған. Бүгінгі «Мәңгілік ел» ұлттық идеясының түп негізі – осы көші – қон саясатымен қаланған еді. Демек, көші – қон – өз тізгінін қолына алған Тәуелсіз ел болғанымызды шын мәнінде әйгілі еткен бастама.

Ғасырлар тоғысында дүниежүзілік көші – қон қозғалысында маңызды орын алатын қазақ көші – аздың көпке, жалғыздың жалпыға, ескінің жаңаға қарай ұмтылған, бір мүдделі әр елдегі «қазақ» деген халықтың дүниежүзілік қауымдастықта өз орнын айқындап, өз елінің тәуелсіздігін құрып, нығайту мақсатымен ата – баба топырағында қауышу ниетін айқын аңғартқан сипат алады. Бір кездері бүкіл әлемді өзінің жойқын қарулары арқылы дірілдеткен «Кеңес одағы» деген алып империяның қабырғасы сәгіліп, оның құрамында болған халықтар өз тәуелсіздіктерін бірінен соң бірі жариялап жатқан кез еді. Өз тәуелсіздіктерін бәрінен бұрын жариялаған Балтық жағалауы елдерін айтпағанда, Кеңес қазанында бірге қайнап, бірге піскен, тарихы мен тілі ұқсас қырғыз бен өзбектер де тәуелсіздіктерін жариялап үлгерді.

Қызыл империяның күші әлсіреп, тоталитарлық жүйенің тоңы жібіп, демократиялық жаңа кезеңнің таңы ата бастаған алғашқы кезден – ақ шетелдерде шашырап жүрген қандастарымыз, соның ішінде Моңғолиядағы қазақтар алғашқы болып көш басын атамекенге бұрған еді. Империяның бодандығында отарлау саясатының құрбаны болып, өз жерінде өздері азшылыққа ұшыраған атажұртта тағдыр тәлкегіне түсіп, әр елге тарап кеткен алыстағы ағайын да бір – бірімен қауышуы, ұрпақтардың тоғысуы олардың болашаққа деген үміт – арманының, мүддесінің бірілігінде еді.

Шетелдегі қазақ диаспорасының тарихи Отанына оралуы туралы айтар болсақ, бұл жолда Моңғолия қазақтарының белсенділігін ерекше атап өтуге болады. Өйткені Моңғолиядағы қазақтар Қазақстан нақты тәуелсіздікке қол жеткізбестен бұрын, Кеңестер Одағының құрамынан шықпай тұрып, дәлірек айтсақ 1991 жылдың сәуір айында атажұртқа көшу идеясын қолға алған болатын. Себебі, социалистік жүйедегі елдер құрамына жататын, шын мәнінде Кеңес Одағының отары Моңғолияда коммунистік жүйе 1990 жылы құлап, демократиялық жүйе қалыптасып, халық еркіндікке қол жеткізе бастады. Моңғолияда басталған демократиялық жаңарудың арқасында жаңа құрылған үкіметтің вице - премьері лауазымды қызметіне тағайындалған алғашқы қазақ Зардықан Қинаятұлының қазақ зиялыларын жинап Қазақстанға көшу мәселесін қарастыра бастады. Сонымен қатар,

Моңғолияда ескі жүйе күйреген соң, халықтың жағдайы әлсірей бастады. Елде жаппай жұмыссыздық жайлай бастады. 1990 жылдың желтоқсан айында Моңғолияда, үкімет Еңбек министрлігі жұмыссыздарды шетелдерде жұмыс істеу мәселесін қарастыратын бюро құрады. Нәтижесінде Моңғолиядағы Еңбек министрлігінің жанынан құрылған шетелге еңбек күшін шығару бюросы арқылы Қазақстанға қазақтарды шығару дұрыс деген шешімге келеді. Осындай оңтайлы сәтті пайдаланған Сағат Зақанқызы, Аятқан Тұрысбекұлы, Сайт Зақанұлы Моңғолиядағы қазақ зиялы қауым өкілдері еңбек – шартын пайдаланып, атажұртқа көшкісі келетіндердің басын қосып, ұйымдастыру шараларын қолға алып, көшті бастап кеткен еді [1].

Қазақстан өз тәуелсәздігін жарияламай тұрып-ақ, атажұртқа көш керуенін бастап та қойғанын жоғарда атап өттік. Көштің басталуына тағы бір себеп болған 1991 жылдың басында қазақ баспасөзі арқылы «Қайт, қазақ, Отаныңа!» деген қазақтың белгілі ақын – жазушылары және ғалымдарының шетелдегі қандас бауырларына жолдаған үндеуі еді. Артынша Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың қазақ баспасөзі арқылы «Алыстағы ағайынға ақ тілек» атты жүрек жарды хаты жолданды.

*Алыстағы ағайынға ақ тілек!*

*Қымбатты отандастар!*

*Қандас бауырлар! Ағайындар!*

*Халқымыздың тұрмыс тіршілігіне, еліміздің ішкі сыртқы саясатына ұлы өзгеріс алып келген, барлығымыз үшін үлкен сын болған 1991 ші қой жылы тарихта қалып, үміт пен күдігі мол жаңа 1992 жыл келді. Тағдыр талкегіне ұшырап, жер бетіне тарыдай шашырап кеткен отандастар, қандас бауырлар, Сіздерді Жаңа жылдарыңызбен шын жүректен құттықтай отырып, мол бақыт қуаныш тілеймін. Аспанымыз әрқашан ашық болсын!*

*Сіздермен атамекенде танысатын, емен – еркін қауышатын күнге тезірек жетейік. Ежелгі атамекенінен жырақта қалған Сіздер кешегі күнге дейін ата-баба жеріне қайтып келе аламыз ба деген сұрақтың алаңдатып келгенін мен жақсы білемін. «Туған жердің түтіні де ыстық» дейді халқымыз. Қандас бауырларымызды байырғы ата-қонысына тарту мақсаттында адам құқығы туралы еларалық ережелерді басшылыққа ала отырып, Қазақстан үкіметі «басқа Республикалардан және шетелдерден селолық жерлерде жұмыс істеуге тілек білдіруші байырғы ұлт адамдарын Қазақстанға қоныстандыру тәртібі мен шарттары» туралы арнайы қаулы қабылданды. Сондықтан атамекенге келем деушілерге жол ашық.*

*Ата – баба аруағы алдарыңыздан жарылқасын!*

*Қымбатты бауырлар! Сіздерді жаңа 1992 – жылдарыңызбен құттықтап, баршаңызға туған жердің ыстық сәлемін жолдаймын!*

*Бақытты, үбірлі-шүбірлі болыңыздар!*

*Биылғы жыл – ақжарқын жыл болсын! [2]*

*Қазақстан Республикасының Президенті  
Нұрсұлтан Назарбаев*

Міне, Елбасының осы бір жүрек жарды хаты Моңғолиядағы қазақ зиялыларына үлкен ой салып, ұлы көштің басталуының басты себебі болды. Бұл хат, жүрегі қазақпын деп соққан әрбір азаматтың жүрегін тебірентіп ерекше сезімге бөледі. Өйткені дәл осы сәтте Моңғолияда саяси арпалыстар күшейіп жатқан кез еді. Ел астанасы Ұланбатордағы зиялы қазақ қауымы Моңғолиядағы қазақтардың жағдайына және болашақ ұрпақ қамына аса алаңдай бастаған кез болды. Өйткені қаймағы бұзылмаған Баян-Өлгей қазақ аймағына қоныстанған қазақтардың және астанасы Ұланбатор, оның айналасындағы қалаларда тұратын қазақтардың рухани жағдайы қиындай бастады. Олардың ұрпақтары үшін ана тілінен айырылу, салт дәстүрін жоғалту, біртіндеп моңғолдану қауіпі күшейе түскен еді. Осындай қиын-қыстау кезде атажұрттан келген бұл үндеулер мен ақ тілектер Моңғолия қазақтарына үлкен күш-қуат беріп, ата жұртқа көшу мақсат-мұратына қарай жетеледі.

Сонымен қатар, XX ғасырдың 90-жылдарында Қазақстанда демографиялық жағдайдың нашарлауына байланысты республика халқының құрамында белсенді демографиялық саясат жүргізуді қажет етті. Бұл саясаттың бір бағыты шетелдердегі қазақ ұлтын Қазақстанға қайтару болып табылды. Қазақстанға атбасын бұрған Ұлы көшті негізгі үш кезеңге бөліп қарастыруға болады.

Бірінші кезең – 1991-1997 жылдар яғни, көші-қонға байланысты заң қабылданғанға дейінгі кезең. Қазақстан тәуелсіздік алғанға дейінгі алғашқы кезеңде көші-қон заңы жоқтың қасы еді. Шетелдегі қазақтарға қатысты шұғыл мәселелерді Президент пен үкіметтің уақытша үкімдерімен шешіліп отырды. Бұл кезеңде көші-қон саясатындағы басты нысандардың бірі – репатрианттардың құқықтық мәртебесін реттеп, қалыпқа келтіруге болды.

Екінші кезең 1997-2008 жылдар аралығын қамтиды. Бұл кезеңде қабылданған заң жүйесінің алдына қойған басты мақсаты: халықтың көші-қоны саласындағы қоғамдық қатынастарды реттей отырып, көші-қон үдерісінің құқықтық, экономикалық және әлеуметтік негіздерін, сондай-ақ оралмандар үшін қажетті жағдайларды жасауды айқындайды. Ал, үшінші кезең - 2009-2011 жылдарға арналған көші-қон үрдісіне біршама табысты істер жүзеге асудағы «Нұрлы көш» бағдарамасы аясындағы көшіп келушілер [3].

Тәуелсіздік рухымен қанаттанған қандастардың сол Ұлы көшіне де биыл 30 жыл толып отыр. Елбасы үндеуімен үлкен үйі – Қазақстан атты қара шаңырағымен қайта қауышқан қандастардың қарасы қалындап, тап қазіргі таңда елге оралған отандастар саны 1 миллион 100 мыңнан асты.

Қазақстан үшін халық санының көбеюінің маңызы зор. Ал басты қауіптердің бірі де осы халық санының азаюынан туындайды. ҚР Президенті Қ-Ж. Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты бағдарламалық мақаласында: «Соңғы жылдарда түрлі себептерге байланысты бәсеңдеп қалған қандастар көшін барынша қолдап, оларды солтүстік және шығыс өңірлерге орналастыруды жандандырамыз» деп атап көрсеткен болатын. Аумағы бойынша әлемде 9-орынды, халық саны бойынша 64-орынды иеленген «Қазақстан әлемде халықтың орташа тығыздығы бойынша БҰҰ таныған 195 тәуелсіз елдер тізімінде 184-ші орында. Бізде бір шаршы км – 6,7 адамнан келетін болса (Өзбекстанда – 76 адам), әлемдік орташа көрсеткіш - 56 адам. 2012 жылдан бері миграцияның теріс айырма сальдосы 30 мыңның үстіне шықты, соның салдарынан сырт елдермен шекаралас солтүстік пен шығыс өңірлерде ауылдар босап қалуда. «Отандастар» қоры мәліметінше шет елдерде 7 млн-ға жуық қазақ тұрады. Бұл Қазақ халқының 50% пайызға, яғни жартысына жуығы. Олардың алдағы уақыттарда ассимиляцияға ұшырау қауіпі өте жоғары. Демографиялық аспектіде қазақ ұлты үшін бұл үлкен әлеует болып табылады. Қазір Қазақстанға қоныс аударуға ынталы шетелдік қазақтардың саны 1,5 млн адамға жуықтайды. Осы адами ресурсты біз неге дұрыс пайдаланбаймыз? Кім кедергі?» - деп атап өтті мәжіліс депутаты Қазыбек Иса [4].

Қазақстан ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығында 1426 адамға ғана квота бөлді. Осыншама, бұрынғы межеден 100 еседей азайып, анти-рекордқа жететіндей басымызға не күн туды? Бұның бірден бір себебі, кезінде көші-қонды жандандырған Көші-қон агенттігінің жойылып, миграциямен айналысу әр министрлікке, квотаға ұсыныс беру әр облыс әкімшілігіне берілгенінен болып тұр. Әкімдер шетелдегі қандастарымызды шақыруға оларды орналастырудың қиындығынан қашып, елдің ырысынемес, жанның тынышын ойлап отырғандықтан, барлық облыстарда квота бөлу күрт төмендеп кеткен. Мысалы, Атырау мен Батыс Қазақстан облыстары 2017-2021 жылдары бес жыл қатарынан квота бөлуге бір де бір адам ұсынбаған? Ол облыстарға еліміздің стратегиялық мақсаты - халқымыздың санын қандастарымызбен көбейтудің қажеті болмағаны ма? Ал 2012-2017 жылдар арасында қатарынан 6 жыл бойы еліміз бойынша қандастардың келуіне бір де бір квота бөлінбеген?! Демек, бүгінгі таңдағы квота жүйесі мемлекеттің көші-қон және демографиялық саясатына ешқандай оң әсерін бермеуде. Сондықтан бүгінде бірнеше министрлікке шашырап кеткен басқармаларды бір органға жинап, Демография және көші-қон жөніндегі Агенттікті

қайта құру керек. Қандастарды қабылдау квоталарын жылына 20 мың отбасыға жеткізу керек.

Шетелдегі қазақ диаспорасын тарихи Отанына шақыру бағытындағы іс-шараларға дүниежүзі қазақтарының 1992 жылғы 28 қыркүйекте ұйымдастырылған құрылтайы жарқын жол ашты. Әлемнің 40 тай еліне шашырап кеткен қазақ диаспорасының өкілдері тарихи Отаны тәуелсіз Қазақстанда бас қосып, ұлттық бірлік мәселесін талқылады.

Дүниежүзі қазақтарының алғашқы құрылтайының басты мақсаты қазақ деген халықтың сан ғасырдан соң тәуелсіздігін жариялап ешкімге көз алартпайтын бейбіт өмір сүруді талап еткен, әлемнің 40 тай елінде тарыдай шашылып кеткен қазақ этностарының назарына толық іліктіру, атажұртқа оралам деушілерге тәуелсіз Қазақстанның есігіқашанда ашық екенін жеткізді.

Десе де, Қазіргі кезде шетелдегі этникалық қазақтармен қарым-қатынас орнату, қоныс аударуды мемлекеттік қолдау саясаты Қазақстан үшін айтарлықтай өзекті тақырып, сондықтан бұл мәселені жетілдіруде шетелдік тәжірибеге назар аударған жөн болар еді.

Көптеген алыс-жақынғы елдер өздерінің шетелдегі отандастарын мемлекеттік қолдауды заңнамалық реттеу аясында қалыптастырып қойған және біз үшін бұл үлгі болуы әбден мүмкін.

Шетелдік тәжірибе көптеген елдердің өз халқының санына қарамастан шетелдік диаспорамен тығыз байланыс орнатуға олардың мүдделілігінің бар екенін көрсетеді. Мысалы, бір жағынан, халқы саны көп, бірақ сонымен қатар шетелдік отандастарын қолдаудың белсенді мемлекеттік саясатын жүзеге асыратын Үндістан, Қытай, Мексика, Ресей, Түркия және т.б. мемлекеттер сынды Латвия, Литва және Эстония да шағын мемлекеттер бола отырып осы мәселеге қызығушылық танытады. Өзінің шетелдік отандастарына деген мұндай көзқарас Балтық елдері үшін, әсіресе демографиялық жағдайдың теріс тенденциялары кезеңінде (эмиграция қарқынының төмендемеуі, туудың қысқаруы, халықтың қартаюуы) өте өзекті.

Жаһанды жайлаған індет жағдайы оңалып, шекаралық шектеулер алынса, барыс-келіс баяғы қалпына келіп, ойдағы-қырдағы отандастармен жүзбе-жүз қауышар күн де алыс емес деп сенеміз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі:**

1. Заханқызы С. Ұрпақтар Тоғысы. - Астана: Елорда – 2001. - 12-13 бб.
2. Баймолда Д. Қазақ көші. - Алматы -2013. - 55-56 бб.
3. Сейсенбева А.С. Жетісу аумағындағы репатрианттар: этномәдени және миграциялық үдерістер. Диссертация. – Алматы, 2014. -16-17 бб.
4. Иса Қ. «Қазақ үні» ақпараттық агенттігіне берген сұхбатынан

## **УРБАНИЗАЦИЯ В СОВРЕМЕННОМ КАЗАХСТАНЕ: ЭТНО-СОЦИАЛЬНЫЕ И ЭТНО-РЕЛИГИОЗНЫЕ АСПЕКТЫ**

**Досмурзинов Р.К.**

докторант Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева

Современный мир отличается развитием и распространением целого ряда социальных процессов, различающихся по своим масштабам и всеохватности. Среди них особое место принадлежит процессу урбанизации (влат. «urbs»– город, «urbis» – города), интенсивно протекающему и распространяющемуся практически на всех континентах земного шара и во всех его регионах. Однако, несмотря на всю универсальность данного процесса, в каждом регионе урбанизация, в силу истории ее развития, воздействия экономических и социокультурных факторов, имеет свои различия и особенности.

Процесс урбанизации связан с повышением роли и значения городов и городской культуры в общественных отношениях. При этом под урбанизацией понимается не только